3. The Oxford Companion to English Literature. – Oxford University Press, 1998. – 1149p.

4. Махпиров В.У. Девнетюркская ономастика. – Алма-Ата: «Гылым». 1990. – с.159

5. Асылбекова Н. Кісі есімдерінің уәжділігі мен танымдық сипаты: филол.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2006, 29 б.

6. Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. с.302

7. Оспан Т. Салтқа сіңген сүннет // Ислам және өркениет. – 2007.№8.-10б.

Резюме

Антропонимия любого языка представляет особую подсистему, характеризирующуюся своими закономерностями. В ней отражается духовная и материальная культура, история и психология, древние верования и современные воззрения народа.

Resume

The anthroponomy of any language represent special system, which characterize own conformity to natural laws. Also, spiritual and material culture, history and psychology, ancient belief and modern view of people have in reflection.

ӘӨЖ 81,367.6

ВАЛЕНТТІЛІК ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ АКТАНТ ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Валенттілік теориясында валенттілік пен актант ұғымдары бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Актант (лат.ago қозғалысқа келтіремін, әрекет жасаймын) – 1) етістік арқылы білінетін процестегі адамды, затты білдіретін сөйлем мүшесі; 2) мәтін теориясы бойынша баяндау кезінде адамның (заттың) типтік функциясы; 3) агенс д.м.[1,13]. Актант терминінің тілдік қолданысқа енуі де валенттілік теориясының қалыптасуымен байланысты. Бұл ұғымды 1959 жылы француз ғалымы Л. Теньер ұсынды. Бастапқы кезде жағдаятқа белсенді қатысушы, әрекет етуші тілдік бірлікті белгілеп, француз тіл білімінің синтаксистік теориясында ғана қолданылды.

Актант ұғымының семантика саласындағы зерттеулерде кеңінен қолданыс тауып, жаңа сипатқа ие болуы негізінен Москва семантикалық мектебі өкілдерінің семантикалық және синтаксистік валенттіліктерді бір-біріне қарама-қарсылықта зерттеуімен байланысты түсіндіріледі. Аталған мектеп өкілдерінің валенттілік түрлерін семантикалық және синтаксистік жағынан бөліп қарастыруы негізінде актанттардың да семантикалық, синтаксистік түрлері анықталды.

Актант – предикат сөздің валенттілігін толықтыратын мағына элементі немесе тілдік құрал, сөз тіркесімділігін басқарушы негізгі сөз. Қазақ тіл білімінде М. Оразов сөйлем құрамына еніп өзекті сөздермен тіркескен сөздердің тіл білімінде актант деп аталатындығын ескерте отырып, «өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтауда актанттардың саны бірден-бір өлшем болып саналатындығына» [2,200] ерекше назар аударады. Сондықтан валенттілік теориясындағы актант сөздің маңыздылығы, біріншіден, оның валенттілік байланыстағы сөздердің мағыналық үйлесімділігін айқындауымен, екіншіден, өзекті сөздің валенттілік дәрежесін сандық жағынан анықтауымен байланысты сипатталады. Сөздердің валенттілік құрамындағы актанттар саны өзекті сөздің контекстегі қолданыс сипатымен анықталатынын ескерсек, өзекті сөз қызметінде тілдегі атауыш сөздер қолданылады. М. Оразов қазақ тіліндегі сөз таптарының бәрі де өзекті сөз қызметінде жұмсалатынын атап көрсете отырып, бұл қызметтің сын есім мен сан есімге қарағанда, «етістіктерде өте күшті болатындығына» баса назар аударады[2,200]. Кейбір еңбектерде валенттілік құбылысының тек етістікпен байланысты болуы осы пікір негізінде түсіндіріледі. Валенттілік құбылысын етістіктен басқа сөз таптарына қатысты қарастыруда ғалымның: «Шет ел тілшілері болсын, совет тілшілері болсын, сөздердің валенттілік қасиетін анықтау үшін өздерінің пікіріне дәлел ретінде етістіктерді ғана алады да, есім сөздерге жол-жөнекей тоқталады. Дегенмен де есім сөздерде де валенттілік қасиеттің барлығы анық, бірақ олар етістіктердегідей бай және ашық көріне бермейді» [2,193] деген пікірін негізге ала отырып, есім сөз таптарындағы валенттілікті де жоққа шығаруға болмайды. Бірақ есім сөздер мен етістіктердің валенттілік қатынасы өзара ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер валенттілік құрамдағы өзекті сөздің мағынасы, қосалқы актант қызметіндегі басқа сөздермен байланысы, сондай-ақ актант саны тұрғысынан айқын көрінеді. Сонымен қатар валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттар арасындағы түрлі қарым-қатынас та сөздерді валенттілік құрылысы тұрғысынан ерекшелендіреді. Бұл тұжырымды М. Оразовтың «валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттардың арақатынасы барлық кезде бір ізді бола бермейді» [2,201] деген пікірімен сабақтасақ, тіл жүйесінде негізгі сөздер кез келген сөзбен мағыналық жағынан байланысқа түспейді. Мәселен, арманшыл, арызқой сөздері тек адамзат ұғымын білдіретін сөздермен ғана мағыналық жағынан байланысып, соның

негізінде олар валенттілік құрылымы тұрғысынан белгілі бір тіркесім аясында өзекті сөздің негізгі актанты қызметінде қолданылады. Мысалы, арманшыл жас, арызқой адам деген тіркестерде жас, адам - өзекті сөздер, арманшыл, арызқой – негізгі актанттар.

Қазақ тілі валенттілік теориясындағы актант мәселесін М. Оразов етістіктердің семантикасына байланысты қарастыра келіп, «мүжі етістігінің семантикалық мағынасында тісі өтпейтін қатты тамақты шетінен біртіндеп жеу семасы болғандықтан, «сүйекті мүжіді» тіркесі қолданылады» [2,194] деп, бұл етістіктің басқа сөздермен, яғни қою тамаққа қатысты сөздермен мағыналық үйлесімді байланысқа түсе алмайтындығын атап көрсетеді. Актант қызметіндегі сөзбен мағыналық үйлесімділік болмаса, лексикалық синтагматика да болмайды. Сондықтан актант сөздің валенттілік байланыстағы сөздермен мағыналық жағынан үйлесімділікте болуы сөздің валенттілік құрылымын анықтауға негіз болады. Ғалым Ғ. Хасанов осы етістіктің ауыспалы мағынасындағы тіркесімділігі негізінде туған «миды мүжіді, миыңды жеп қойды деген тіркестерде семантикалық итерацияның пайда болуын да валенттіліктің пайда болуы» [3,122] ретінде түсіндіріп, актант сөздің (бұл жерде мүжу етістігі) валенттілік құрылымды анықтаудағы қызметіне назар аударады.

Актант сөздердің тілдік сипаты олардың тіркесімділіктегі өзекті сөзбен қарым-қатынасына байланысты жан жақты қарастырылады. Бұл орайда Б. Сағындықұлының: «Синтагмалық тіркес құрамындағы сөздердің бірі екіншісінен мағыналық жағынан басымдау болып, өзімен байланысқа түскен сөздің өзіне мағыналық жағынан сәйкес келуін, үйлесуін талап етуі ол сөздің өзекті сөз ретінде танылуына негіз болады» [4,14] деген пікірін келтіруге болады.

Өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтау-анықтамауына қарай актанттар негізгі және қосалқы түрлерге бөлінеді. Бұлардың ішінде негізгі актанттар арқылы өзекті сөздің валенттілік дәрежесі анықталса, қосалқы актанттарға мұндай қасиет тән емес. М. Оразов «қосалқы валенттілік жасайтын актанттар сөйлемдегі ойдың толық болуына себі тисе де, түсіріліп қалдырылса, айтылған ойға онша көп зияны тимейді,...ал қажетті валенттілік жасап тұрған актанттар түсіріліп қалдырылса, сөйлемдегі айтылған ой толық болмайды, текстен ол сөзді талап ету байқалып тұрады» [2,201] деп, негізгі актанттың валенттілік үшін аса қажеттілігін атап көрсетеді. Ал Ғ. Хасанов валенттілік дәрежесін анықтауда негізгі актанттардың маңызды рөл атқарып, қосалқы актанттардың олармен тек селбесіп өмір сүретіндігін айтады [3,214].

Сонымен қатар сентенциалды және біріктірілген актант түрлері де кездеседі. Сентенциалды актантта актант орны инфинитив құрылыммен немесе тұтас бір сөйлеммен толықтырылады. Мысалы: айта бастау; жөнсіз

дауласу т.б. Ал біріктірілген актантта актант орны түсіндіру барысында толық болады. Актанттардың синтаксистік және семантикалық валенттіліктермен арақатынасына қарай синтаксистік және семантикалық актант түрлері қалыптасады. Жалпы сөздің семантикалық валенттілігін толықтыратын семантикалық актанттары оның синтаксистік актанттарымен сәйкес келеді. Сөйлеуші сөздің семантикалық валенттілігін толықтыруда оның мағынасын іріктеуі де мүмкін. Егер ондай іріктеу мүмкіндігі болмаса, онда ол актант мәтінде түсіріледі. Іріктеу тым шектеулі немесе аса көп болған жағдайда да сөйлеушінің таңдау мүмкіндігі болмайды. Актант предикат сөздің валенттілігін толықтыратын мазмұн элементі немесе тілдік мән ретінде қолданылады.

Ғалым А.Е. Карлинский актант ұғымын «етістік арқылы берілген әрекетке тікелей қатысатын, етістіктің айналасындағы семантикалық элементтер» [5,53] түрінде анықтап, лексикалық валенттіліктің актанттар саны арқылы белгіленетіндігіне назар аударады. Предикат сөз бірнеше қатысушылары бар жағдаятты сипаттайды. Осы предикаттың семантикалық валенттілігін сипаттайтын предикат сөздегі өзгерістер жағдаятқа қатысушы сөздерге сәйкес келеді. Ал предикаттың семантикалық валенттілігі осы сөздің семантикалық актанттарымен толығып отырады. Сөздің бірнеше семантикалық актанттары сол сөздің актанттық құрылысы болып табылады. Сөздердің актанттық құрылысы сөйлем ішінде анықталады. Олардың қатарында 2-3 және 6-7 актантты сөздер де болады. Мысалы, Халықаралық жарысқа бірнеше елден спортшылар келді деген сөйлемдегі келді етістігінің семантикалық үш актанты бар. Олар: жарысқа келді, бірнеше елден келді, спортшылар келді. Соның негізінде аталған етістіктің актанттық құрылысын былайша сипаттауға болады: 1) Субьект-спортшылар, 2) Обьект-бірнеше ел, 3) Орны- жарыс. Зерттеушінің пікірін одан әрі сабақтасақ, актанттар сөздің басқа сөздермен семантикалық валенттілігін анықтаудағы ең маңызды бірлік ретінде ерекшеленеді. Әрине, тіл деңгейінде кез келген толық мағыналы сөздердің бір-бірімен өзара байланысқа түсетінін ескерсек, актант ұғымын тек етістікпен байланысты ғана қарастыруға болмайды. Жалпы валенттілік теориясында етістіктермен қатар есім сөз таптарының да валенттілік байланыста болуы аталған семантикалық элементтің етістіктен басқа сөз таптары арқылы берілетін құбылысқа, затқа, оқиғаға тікелей қатысуымен түсіндіріледі. Сондықтан актант сөз валенттілігін сандық және сапалық жағынан анықтауға негіз болатын басты элементтердің бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі сөздердің валенттілік құрамы мен дәрежесі валенттілік теориясының өзекті мәселелері қатарынан орын алады. Бұл орайда сөз таптарының валенттілігі, актант сөз ретіндегі қызметі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ал сөздердің валенттілік құрамын анықтау олардың

басқа сөздермен семантикалық байланысы негізінде жүзеге асырылады. Мысалы: «келді» етістігі семантикалық сипаты жағынан зат есім, сан есім және үстеу сөз таптарымен түрлі мағыналық байланыста болып, сол байланыс негізінде аталған етістіктің валенттілік құрамын анықтауға болады. Атап айтсақ, әкем келді – қимыл иесі; қалаға келді – қимылдың бағыты; ауылдан келді – қимылдың шығу орны; бүгін келді – қимылдың мезгілі; бесте келді – қимылдың уақыты. Бұл мысалдардан «келді» етістігінің валенттілік құрамын анықтаудағы оның семантикалық сипатының маңызы айрықша аңғарылады.

Валенттілік теориясында актант ұғымымен қатар сирконстант ұғымы да қолданылады. Қазіргі кезде сирконстант ұғымы да, актант тәрізді, семантикалық термин ретінде қалыптасып, актант ұғымына қарама-қарсы қойылады. Бұл екі ұғым да сөз мағынасымен байланысты болып келеді. Бірақ олардың арасындағы айырмашылық та сөз мағынасымен байланысу сипатына қарай анықталады. Актант – сөз семантикасының бір бөлігі ретінде оның құрамына кірсе, сирконстант, керісінше, сөз семантикасының бір бөлігі бола алмайды. Сондықтан сөз мағынасын анықтауға қатысы да әлсіз болады. Сирконстанттар предикат сөздермен еркін байланысып, сөйлемдегі ойды толықтырып тұрады. Бұдан валенттілік теориясында семантикалық актанттар мен сирконстанттар арасындағы ерекшеліктерді анықтау қажеттілігі келіп шығады. Теориялық тұрғыдан бұл ұғымдардың шекарасы жағдайдың міндетті және міндетті емес қатысушылары арасынан көрініп, олардың қайсысының сөз семантикасының толық сипатын ашуға қажеттілігімен анықталады. Бұл жағдайда төмендегідей бірнеше ережелер негізге алынады: 1) Сөз арқылы сипатталатын жағдаятқа сәйкес міндетті аспектілер (қатысушылар) семантикалық актант болып табылады. Белгілі бір аспектінің жағдаят үшін міндетті болмауы оның сирконстант қызметінде қолданылуына негіз болады. Сөздің актант ретінде танылуы оның жағдаят үшін міндетті болуымен, яғни жағдаятқа міндетті қатысушы болуымен байланысты. Мысалы, жүру етістігімен сипатталатын жағдаят үшін себеп аспектісі міндетті болмаса, ал барлық әрекет пен жағдайға тән уақыт аспектісі міндетті болып табылады. Бірақ бұл тек осы лексемаға ғана тән емес, сондықтан сәйкес аспектілер сирконстанттар ретінде қарастырылып, меңгеру моделінде көрсетілмейді; 2) Сөздің семантикалық валенттілігі бірден үшке дейін ғана болады. Төрт және одан көп валентті сөздер сирек кездеседі; 3) Семантикалық актанттарға морфологиялық мазмұнының тұрақтылығы тән. Ол тек сәйкес валенттіліктің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ актант қатысты болатын лексемаға да тәуелді болады. Мәселен, адресаттың бірдей семантикалық рөлінде жағдаятқа қатысушы хабарлау етістігінде барыс септігімен, ал жеткізу етістігінде табыс септігімен беріледі [6,143].

Л. Теньер сирконстанттарды сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері ретінде көрсетеді

[7,52]. Бұдан семантикалық актант пен сирконстант арасындағы шекараны анықтаудың семантикалық валенттілік үшін аса маңызды екендігі көрінеді. Сөздің семантикалық валенттілігі мен семантикалық актанттары сол сөз арқылы сипатталатын жағдаятты талдау барысында анықталады. Мысалы, жоспарлау етістігі алдағы уақытта істелетін істі жобалау, белгілеу жағдаятын сипаттайды. Бұл жағдаятқа оны іске асырушы субъект (А), аталған жағдаят бағытталған обьект (В) және осы жағдаяттың жүзеге асырылу уақыты (С) мен орнын (Д) білдіретін актанттар қатысады. Бұлар жоспарлау ұғымына қатысты жағдаятты толығымен сипаттайды. Егер олардың біреуі болмаса, онда аталған сөз арқылы сипатталатын жағдаят толық берілмейді. Мұндағы А – жоспарлау сөзі арқылы сипатталатын жағдаятты жүзеге асырушы, бастамашы – агенс, В – пациенс, яғни сипатталатын жағдаяттың нысаны, С – жағдаяттың орындалу мезгілі, Д – жағдаяттың жүзеге асырылатын орны. Аталған жағдаяттың міндетті қатысушылары (А,В,С,Д) оның ауыспалы семантикалық актанттары болып табылады. Бұл осы жағдаятқа қатысушылардың өзгеруімен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен актант сөздер өзекті сөздермен тікелей қарым-қатынаста болып, сөздердің валенттілік құрылымын анықтауда айрықша қызмет атқарады. Белгілі бір жағдаятқа қатысушылар предикат сөз арқылы сипатталады. Ал предикат сөздің семантикалық валенттілігіндегі өзгерістер жағдаятқа қатысушыларға ықпал етеді. Сондықтан валенттілік байланыстағы актант сөздердің сирконстант сөздермен арақатынасындағы ерекшеліктер олардың сөз мағынасына қатысына қарай анықталады. Валенттіліктегі актант сөздердің қызметінде етістіктермен бірге есім сөздер де қолданылады. Соған орай сөз таптарының актант сөз ретіндегі қолданысы әртүрлі болып келеді. Сөз таптарының валенттілік құрылымы тәрізді, олардың актант қызметіндегі қолданысы да өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмен сөздігі.- 13 б., Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.

2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.- 193,194,200,201бб., Алматы: Рауан, 1991.

3. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. Докт. дисс. қолжазбасы.- 122,214бб., Алматы, 2009.

4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негізі.-14бет, Алматы:Қазақ университеті, 2005.

5. Карлинский А.Е. Методология и парадигма современной лингвистики.- 53стр, Алматы, 2009.

6. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика.- 143стр, Москва: Комкнига,2007.

7. Теньер Л. Основы структурного синтаксиса.- 52 стр, Москва,1988.

Резюме

Автор рассматривает функции актантов в валентностных отношениях, отношение слов-актантов к частям речи и их особенности.

Resume

The author considers functions of elements in valence relations, relations of words - elements to parts of speech and their particularities.

ӘӨЖ 81,37

СӨЗ МАҒЫНАСЫ МЕН ТІРКЕСІМДІЛІГІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Тіл біліміндегі сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі арасындағы қарым-қатынас мәселесі қазіргі семасиология ғылымында оның тілдік табиғатын тереңірек анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан жалпы сөз таптарының тіркес жүйесіндегі орнын анықтау үшін олардың семантикалық және грамматикалық белгілері негізге алынады.

Сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі арасындағы өзара қарым-қатынас, байланыс – тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Кез келген толық мағыналы екі сөз бір-бірімен тіркесуі үшін олардың арасында грамматикалық сәйкестікпен бірге семантикалық байланыстың да болуы қажет. Сөз жеке, дербес өмір сүрмейді. Тіл жүйесінде сөздердің бір-бірімен өзара тіркесуі олардың мағыналық сәйкестігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасы сөйлеу үдерісінде сөздердің өзара байланысы негізінде анықталады.

М. Оразов сөз мағынасы мен тіркесімділігі арасындағы байланысты анықтауда «...сөздер әрі синтаксистік, әрі семантикалық жақтан байланысады. Байланысқа түскен сөздердің тым болмағанда бір семасы өзара сәйкес келуі не екінші бір сөздегі бір семамененен байланысқа түсу мүмкіндігі болу керек»[1,152] деген тұжырым жасайды. Сөздердің тіркесімділігі олардың арасындағы синтагмалық байланыс арқылы жүзеге асады. Бірақ тіркесімділіктің жүзеге асуы тек синтагматикалық байланыспен ғана шектелмейді. Бұл үдерісте сөз мағынасының да маңызы зор.

Сөз мағынасын анықтауда тіркесімділіктің маңызды екендігін орыс ғалымы Ю.Д. Апресян да ескертіп, сөздердің семантикалық ерекшелігі